





(эндотермиялық реакция) энергетикасын салыстыру изомерленудің көптеген жағдайларда ыдырауға көшегінін көрсетеді. Үшіншілікті карбкатиондардың басым болып түзілуі және олардың тұрақтылығы көміртек атомдар саны көп тармақталған алкилді карбений иондарын ыдыратқанда изоқұрылымдардың жинақталуына әкелуге тиісті.

**Қанықпаған қосылыстарға карбений иондарын бимолекулалық қосып алу реакциясы** жаңа С-С байланыстың түзілуіне әкеледі. Бұл реакция түріне олефиндерді полимерлеу, парафиндерді және карбений иондарының қатысында ароматты көмірсутектерді алкилдеу реакциялары жатады.

Олефиндерді полимерлеу тізбектелген сатылардан тұрады:



Ароматты көмірсутектерді алкилдеу аралық  $\pi$  - және  $\sigma$  - комплекстерін түзумен өтеді:



Қатты қышқылды катализатор жағдайында процестің механизмін келесі түрде көрсетуге болады.

Алғашқыда катализатордың бетіндегі қышқылды орталығында алкилдеуші агенттің сорбциясы жүреді. Қатты қышқылды катализатор жағдайында активтік орталық - Бренстедтің қышқылдық орталығы, ал адсорбцияланатын өнім - карбений ионы:

